

ШІКІР

Мухсиынова Меруерт Жақсыбекқызының «Қазіргі поп-орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының модификациясы» тақырыбындағы докторлық диссертациясы қазіргі қазақстандық музыкатану, этномузыкатану және эстрадалық өнер салалары үшін өзекті ғылыми мәселелердің бірін қарастыруға арналған.

Зерттеу жұмысы қазақтың дәстүрлі әншілік мәдениетінің қазіргі поп-музыка кеңістігіндегі трансформациялану үдерістерін кешенді түрде зерделеуімен ерекшеленеді. Автор дәстүрлі вокалдық техникалардың инварианттық негіздерін анықтап, олардың заманауи поп-орындаушылықтағы көрінісін теориялық және практикалық тұрғыдан талдаған. Диссертацияда ұлттық әншілік мектептердің орындаушылық ерекшеліктері сараланып, олардың қазіргі вокалдық мәдениеттегі қызметі ғылыми тұрғыдан негізделген.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақтың дәстүрлі ән айту техникасының ұлттық моделін жүйелеуінде, дәстүрлі вокалдық элементтердің қазіргі поп-вокалдағы модификациялану механизмдерін анықтауында және олардың ұлттық мәдени бірегейлікті сақтаудағы ролін көрсетуінде көрінеді. Автор зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, музыкалық-теориялық, орындаушылық талдау және компаративистикалық әдістерді тиімді пайдалана отырып, ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырымдар жасаған.

Диссертацияның теориялық маңызы дәстүрлі және заманауи вокалдық өнердің өзара байланысын түсіндіретін жаңа ғылыми пайымдаулар ұсынуымен айқындалады. Ал практикалық құндылығы зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде, «Эстрадалық вокал», «Музыкатану», «Этномузыкатану» бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларында, сондай-ақ орындаушылық тәжірибеде қолдану мүмкіндігімен сипатталады.

Диссертациялық жұмыс ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді, зерттеу мақсаты мен міндеттері толық орындалған, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігі күмән тудырмайды.

Осыған байланысты Мухсиынова Меруерт Жақсыбекқызының «Қазіргі поп-орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының модификациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған ғылыми еңбек ретінде оң бағалауға лайық деп есептеймін.

Темірбек Жүргенов атындағы
ҚҰОА «Эстрадалық вокал»
кафедрасының профессоры
e-mail: lakiran@mail.ru

 Кисеоглу Л.К.

